



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Мәжіліс халықаралық келісімдерді қарайды

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттарға Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлуді бақылау жөніндегі күштеріне (UNDOF) ресурс ұсынатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумды ратификациялау туралы заң жобасын талқылау ұсынылады.

2024 жылғы 14 ақпанда Нью-Йоркте жасалған меморандумның Ұлттық контингентін БҰҰ-ның Голан шыңдарындағы бітімгерлік миссиясына жіберуге байланысты әкімшілік, логистикалық және қаржылық шарттарды белгілейді. Келісім меморандумды толықтырып, БҰҰ тарапынан Қазақстан Үкіметіне бітімгерлік миссияға қатысатын қазақстандық контингентке қажетті персонал, негізгі жабдықтар мен өзін-өзі қамтамасыз ету құралдарын ұсынғаны үшін төлем жасау тәртібін анықтайды.

Ішкі саясаттағы негізгі басымдықтар талқыланды

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен ішкі саясат және идеология жұмысына қатысты республикалық кеңес өтті. Басқосуға Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, Үкімет мүшелері, облыс және республикалық маңызы бар қала әкімдерінің орынбасарлары, ай-



мақтардағы қоғамдық даму басқармаларының жетекшілері қатысты.

Іс-шарада Мемлекет басшысының бастамаларын тиімді жүзеге асыруға, этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтуға, қоғамдық бірлестіктермен және сарапшылар қауымдастығымен өзара байланысқа, ақпараттық және жастар саясатына қатысты мәселелер талқыланды.

Ерлан Қарин өз сөзінде ішкі саясат саласындағы жұмысты ұйымдастыруға байланысты ортақ ұстанымдар мен қағидаларды белгілеп, аталған бағыттағы негізгі басымдықтар жөнінде айтты. Сондай-ақ осы жылдың басты тақырыптары мен күн тәртібіне назар аударды.

Жиын соңында Мемлекеттік кеңесші жауапты мемлекеттік органдарға ішкі саясат саласындағы жұмысты проактивті режимде жүзеге асыру туралы тапсырмалар берді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент «Жаңа адамдар» жастар форумында сөз сөйледі

Форумда «Жаңа адамдар» қозғалысының жетекшісі Әсел Баденова Президентке ұйымның осыған дейін атқарған игі істері мен азаматтық бастамаларын таныстырды.

Оның айтуынша, қазіргі кезде қозғалыстың 19 қалада кампусы, 15 мыңға жуық белсенді мүшесі бар. Ұйым елімізде ондаған азаматтық бастамалар мен акцияларды ұйымдастырып үлгерген. Жастар вандализммен, рұқсат етілмеген жерге қоқыс төгушілермен, кемелетке толмаған балаларға ішімдік сатушылармен, есірткі таратушылармен және басқа да әлеуметтік кеселдермен күрес жүргізіп, өздерінің азаматтық ұстанымдарын ашық әрі белсенді білдіріп жүр.

Мемлекет басшысы форумға жиналған жалынды жастардың бойындағы Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметке ризашылығын білдіріп, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың әр жетістігіне қуанатынын, әр бастамасын қолдайтынын жеткізді.

— Қазақстанның жастары — жасампаз. Мен мұны үнемі айтып жүрмін. Жаңа ғана өте жақсы ойлар айтылды. Тың идеялар, игі бастамалар бар. Сіздердің сөздеріңізді тыңдап, форум атмосферасын сезіне отырып, кеудемді мақтаныш кернеді. Қазақстанның болашағына деген сенімім нығая түсті. «Жас келсе — іске» деп бекер айтпаған. Еліміздің келешегі ойы ұшқыр, білімі терең, көзқарасы заманауи жастардың қолында. Мен Президент ретінде Сіздерге зор үмітпен қараймын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір еліміз үшін тарихи кезең екеніне, алдымызда биік мақсаттар тұрғанына назар аударды.

— Біз жұрттан көш ілгері жүретін ел боламыз. Үйренетін де, үйретін де ұлт боламыз. Жастар барлық өзгерістің бастауында тұрады. «Жаңа адамдар» — жаңа қоғамның айнасы. «Жаңа адамдар» — жаңа болмыс! Бұл — өз еліне адал жастардың қозғалысы! Біздің стратегиямызға қолдау білдірген сіздерге алғыс айтамын.

Реформаларымыздың мән-маңызы хандарыңызда көрініс тапқан. Бұл өзгерістер Әділетті Қазақстанды құру, «Заң мен тәртіпті» қамтамасыз ету тұжырымдамасына негізделген, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға қарата айтқан сөзінде отаншылдық сезімге, қоғамда «Заң мен тәртіп» үстемдігін орнатудың маңызына, «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының идеологиялық мәніне тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, ел үшін адал қызмет ету жауапкершілік алудан қорықпайтын, батыл азаматтардың қолынан келетін жұмыс.

— Жастарға барлық мүмкіндіктер жасалып жатыр. Қазақстан балалар мен жастарға жан-жақты қолдау көрсететін әлемдегі аз елдің бірі. Дүниеге келген әр сәби бірден ұлттық бағдарламалардың қатысушысына айналады. Өздеріңізге мәлім, екінші жыл қатарынан Ұлттық қор табысының бір бөлігі балалардың есепшотына түсіп жатыр. Кәмілет жасына толғанда олар жинақталған қаржыны оқуға немесе баспана алуға жұмсай алады. Бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» бағдарламасы іске қосылды. Бұл жүйе ата-аналар үшін өте қолайлы. Сол арқылы балаларының болашақта алаңсыз білім алуына қаражат жинайды. Әр бала алты-жеті жастан бастап мектепте тегін білім алады. Мұның бәрі — мемлекеттің міндеті. Бірақ әлемнің барлық елінде дәл осылай емес. Барды бағалау маңызды. Елімізде бастауыш сынып оқушыларына тегін тамақ берілетін болды. Оқушыларымыз мемлекет есебінен әртүрлі үйірмелер мен секцияларға қатыса алады. Мектеп түлектерінің жоғары оқу орнына немесе колледжге грантқа түсу мүмкіндігі зор. Соңғы жылдары грант санын айтарлықтай ұлғайттық. «Болашақ» бағдарламасымен мыңдаған жас шетелде білім алуда. Олар Қазақстанға келген соң ел дамуына үлес қосады. «Президенттік

жастар кадр резерві» сұранысқа ие жобаға айналды. Келешекте мемлекетті басқарушылардың негізгі легі осы жас мамандардан қалыптасады. Саяси реформалар аясында Мәжіліс пен мәслихаттарда жастар үшін арнайы квота енгізілді. Бұл өкілдік билік қызметіне тың серпін берді. Осы жерге жиналған білімпаз, отаншыл жастар мәслихаттың немесе Парламенттің құрамына кіретініне, тіпті Үкіметте жұмыс істейтініне кәміл сенемін. Жас кәсіпкерлер мен отбасыларды қолдауға айрықша мән беріледі. Мысалы, бизнесті дамытуға және баспана алуға жеңілдікпен несие беру қарастырылған. Бұл балалар мен жастардың өмірден өз орнын табуына жағдай жасауға бағытталған бағдарламалар мен жобалардың

бір парасы ғана, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде заман талабына сай білікті мамандар өте көп: мұғалімдер, дәрігерлер, ғалымдар, инженерлер, өнеркәсіптегі жұмысшылар және басқа да мамандар бар. Қазақстан жастары креативті индустрияда да көптеген табысқа жетіп жатыр.

— Сондай дарынды азаматтардың арқасында бүкіл әлем жұртшылығы Қазақстанды талантты әрі еңбекқор адамдардың елі деп танитын болды. Мемлекет креативті индустрияның дамуына барынша ықпал етеді. Қазір арнайы қор құрылып жатыр. Ол әдебиет, музыка, кино, сериал және компьютер ойындарына қатысты жобаларды жүйелі түрде қолдаумен айналысады. Жастардың қарым-қабілетін көрсетуіне бұл да бір керемет мүмкіндік. Ең бастысы, адал еңбек етіп, адал табыс табу, яғни адал азамат болу. Биыл — «Жұмысшы мамандықтары жылы». Біз қоғамда еңбек адамының абырой-беделін көтеріп жатырмыз. Еңбек культін қалыптастыру — аса маңызды міндет. Кез келген жұмыс — қадірлі. Әсіресе, жұмысшы мамандықтарын игерген жастарымыз зор құрметке лайық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев сөзін қорытындылай келе, Қазақстанды көркейту қастерлі парыз екенін атап өтті. Берекелі бірлік пен жастардың жасампаздық қуатының арқасында Әділетті Қазақстанды бірге құратынымызға сенім білдірді.

Форумда «Жаңа адамдар» жастар қозғалысының Алматы кампусының жетекшісі Владимир Изюмников, қозғалыстың баспасөз хатшысы Алпамыс Әбілов, «Тұмар» азаматтық науқанының жетекшісі Фалия Тузен, «Халық қаһары» азаматтық науқанының жетекшісі Әлихан Сәрсенов, «Antitrash» азаматтық науқанының жетекшісі Бауыржан Аманов сөз сөйлеп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан реформаларға қолдау білдірді.



ТЕРІСКЕЙЛІК ТЕРМЕШІ ОБЛЫСТЫҚ ТЕРМЕШІЛЕР БАЙҚАУЫНАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ

Жуырда Шардара ауданында ауданның 60 жылдығына орай және ауданның құрметті азаматы, танымал жыршы, термеші "Оңтүстіктің абыз-жырауы" атанған Тәшман Шекеровтың құрметіне "Терменің тарланбозы Тәшман жырау" облыс-

тық термешілер байқауы өтті.

Өнер сайысында ҚР Білім беру ісінің үздігі, ақын Ұлықбек Жұман, ЮНЕСКО-ның "Ұлтық өнер жанашыры" марапатының иегері Әбдіғаппар Айдаров және ҚР "Мәдениет саласының

үздігі", Облыстық мәдениет және халық шығармашылығы орталығының "Ұлттық жанр жөніндегі" маманы Аязбек Рүстемов төрелік етті.

Халқымыздың ұлттық мәдени мұрасының бірегейі терме өнерін кеңінен насихаттау мақсатында өткен аталмыш байқауда Созақ ауданының атынан аудандық "Мыңжылқы" мәдениет сарайының қызметкері, әнші-термеші Мейрамбек Тоғысов бақ сынады.

Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін жан-жақты саралап, қорытындылай келе нәтижесінде теріскейлік термеші Мейрамбек Амангелдіхлы жүлделі 3 орынға

ие болды.

Әріптесімізді шын жүректен құттықтай отырып, шығармашылық табыс, денсаулық, бақыт және әрқашан жаңа биіктерге жетуді тілейміз!

АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Созақ ауданы әкімінің орынбасары қызметіне р о т а ц и я т ә р т і б і м е н Ешанқұлова Алтын Кунтуқызы тағайындалды. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков жаңадан тағайындалған лауазым иесін аудан активіне таныстырды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып, нәтижелі қызмет атқаратынына сенім білдірді.



Алтын Кунтуқызы 1984 жылы 2 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген. 2005 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін, 2018 жылы Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі және құқықтану мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2005 жылы 21 қарашада «Майлықент» колледжінде оқытушы ретінде бастап, 2007-2010 жылдар аралығында «Юг Ойл LTD Петро Казахстан» мұнай компаниясында менеджер, ҚР Қорғаныс министрлігінің әкімшілік департаментінде сарапшы, ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің кадрлық қызмет басқармасында сарапшы, сондай-ақ Мақтаарал ауданы әкімінің аппаратында кеңесші болып қызмет еткен. 2010 жылдан бүгінге дейін Мақтаарал ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

ОБЛЫСТЫҚ ӨНЕР ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСЫП, АРНАЙЫ ЖҮЛДЕ ИЕГЕРІ АТАНДЫ



Жақында Келес ауданында облыстық "Өнер құдіреті- мәңгілік" өнер фестивалі аясында "Ұлы дала әуендері" ұлт-аспаптар ансамблдерінің байқауы өтті.

Байқауға облыс көлеміндегі барлық қалалар мен аудандардан ұлт-аспаптар ансамблдері және Созақ ауданынан аудандық "Мыңжылқы" мәдениет сарайының жанынан құрылған "Теріскей сазы" ұлт-аспаптар ан-

самблі қатысты.

Ансамбль жетекшісі дәулескер күйші Генерал Асқаровтың ізін жалғаушы, Ахмет Жұбанов атындағы Созақ балалар саз мектебінің "Домбыра" сыныбының ұстазы, күйші Асқарова Назерке Сұлтанқызы.

Сайыс барысында қазылар алқасы жүлделі орындар анықтау үшін үміткерлердің орындаушылық шеберлігіне, дауыс диапазонына, музыкалық аспапта орындау шеберлігіне, ән мәтіні мен әуенінің мазмұндылығына, сахна мәдениеті мен киім үлгілеріне баса назар аударды.

Нәтижесінде Созақтық "Теріскей сазы" ұлт-аспаптар ансамблі жоғары

деңгейде өнер көрсеткені үшін Келес аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің арнайы жүлдесіне ие болды.

Ансамблді алғашқы жүлделерімен шын жүректен құттықтап, алдағы уақытта да шығармашылық табыстарға жетуін тілейміз!

«КӨКТЕМ-2025» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ ӨТТІ

Ауданда көктем мезгілінде орын алуы мүмкін төтенше жағдайлардың алдын алу және оларға тиімді әрекет ету мақсатында «Көктем-2025» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы басталды.

Авариялық құтқару және шұғыл жұмыстар жүргізу үшін орындар анықталды. Оқу-жаттығуға аудандық

қимылдар пысықталды. Аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов және аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, азаматтық қорғау подполковнигі Қанат Ақбаев дайындық шараларын бақылауға алды.

Оқу-жаттығу жұмыстары кезінде өрт сөндірушілер мен медициналық қызмет



төтенше жағдайлар бөлімі, ішкі істер бөлімі, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, Созақ аудандық электр желілері, байланыс торабы, аурухана және басқа да тиісті бөлімдер мен мекемелердің қызметкерлері қатысты.

Құтқарушылар мен техникалық қызметтері аясында электр желілері мен байланыс торабын қалпына келтіру бойынша нақты іс-

көрсетушілердің, электр қуатымен қамтамасыз ету, газ жүйесінің апаттық қызметі және жанар-жағармаймен қамтамасыз ету қызметтерінің дайындығы да толық тексерілді. Бұған қоса азық-түлік және медициналық препараттар қорын құру мәселесі де жан-жақты қарастырылды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

“ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ”

Мемлекет басшысының жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! “Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған “Адал азамат-Адал еңбек-Адал табыс” қағидасына толық сай келеді”, деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткен болатын.

Осы бастама аясында қа-

жырлы еңбек пен адал табыстың үлгісін көрсетіп жүрген ауыл жұмысшыларына Бабата ауылдық клубының ұйымдастыруымен-Еңбек түбі береке” атты салтанатты жиын өткізілді. Жиында “Мыңжылқы” мәдениет сарайы директорының арнайы Алғыс хаттарымен ауыл жұмысшылары марапатталды.

Жиын барысында Бабата ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Әбдірашұлы М.Мәметова атындағы жалпы білім беретін мектебінің ди-

ректоры Хордашбеков Мұратбек “Мыңжылқы” мәдениет сарайының мәдени ұйымдастыру қызметі және клуб жұмыстары жөніндегі әдіскері Н.Еспаева, Бабата ауылдық клубының мәдени ұйымдастырушысы Ж.Есбаев ауыл жұмысшыларын құттықтап жылы лебіздерін білдірді.

Бабата ауылдық клубының қызметкерлері келген қонақтарға өз өнерлерін көрсетіп, мәдени қызмет етті.

М.ҚАРҒАБАЙ.



Сан қырымен танылған сарбаздар

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жеріне шығарылғанына 36 жыл толуына орай аудан орталығындағы бірегей білім ордасы саналатын Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық лицей мектебінде «Елінді сүйсең-ерлік жаса!» атты спорттық шара өтті. Мектеп ұжымы құрметтеп шақырған соң құрметті қонақ ретінде барып шараны өз көзімізбен көріп қайттық. Бастысы бүгінгі таңда әскерге жастардың тартылуы, олардың Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге мектеп қабырғасынан дайындығы, тәртібі мен тәлімі өзекті тақырып екені белгілі. Спорттық шара болған соң бірі озады, бірі қалады, мәселе онда емес. Мәселе олар әскери өмірді қалай сезінеді. Олардың сол жауапты міндетке деген көзқарасын сезінуін білу. Қазір барлық білім ордаларында біртұтас тәрбие деген науқанды шара жүріп жатыр. Сол бастаманы басты мақсат тұтқан жас сарбаздардың аяқ алысы жаман емес екен. Шарада мылтық ату, әр бөлімшенің өзінің

қабырға газетін шығару, садақ ату, автомат қаруын шашып, қайта жинау, қарын көк етін тарту, білек күшін шынықтыру, еңбектеп барып граната лақтыру бәрі сарбаздардың әбжілдігін қайрайтыны анық.

Оныншы «а», «ә», «б», «в» сыныптары арасында өткен әскери спорттық сайыста аталған төрт сыныптың жас сарбаздары жоғары ойын өрнегін көрсетті. Әсіресе Қаламқас Имазова жетекшілік ететін оныншы «ә» сыныбы қатарластарынан оза шапты. Барлық қатысушы командаларға мектеп басшылығы мен Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің арнайы Алғыс хаттары табысталды. Іс-шара барысында сыныптар әскери-спорттық және ұлттық спорт түрлерінен сайысқа түскен үздіктер:

-10 "Ә" сынып оқушысы Төлепбергелген Дастан "Үздік қолбасшы"

-10 "Ә" сынып оқушысы Жайлау Нұрдаулет "Нысана шебері"

-10 "Ә" сынып оқушысы Сабыр Анель "Үздік снайпер"

-10 "Б" сынып оқушысы Дәулетұлы Қасымжомарт "Алтын асық"

-10 "В" сынып оқушысы Әлжанқызы Мерей "Шапшаң сарбаз"

-10 Ә сынып оқушысы Бақыт Ахан "Үздік снайпер"

номинациялары бойынша марапатталды. Шараға Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі бастығының міндетін атқарушы майор Ергали Әлжанов, бұқаралық ақпарат құралдарының тілшілері, мектептің дене шынықтыру пәндерінің мұғалімдері қатысты. Шараны ұйымдастырушы осы мектептің әскери жетекшісі Сұлтан Шарафуддинов пен мектеп ұстаздары Төлеген Қайдакеш, Сәбит Айтұов, Қайрат Әбдіқұлов, Сәбит Ордабаев, Роза Қойжанова, Эльвира Рүстемовалар мектеп әкімшілігінің Мадақтама хаттарымен марапатталды. Осындай ілгері қадамға басар жақсы шаралар ауданымыздың өзге де білім ордаларында өтіп жатса жақсы болар еді.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Әділ сотқа алғысымыз шексіз

Әділ сот – құқықтық мемлекеттің негізгі іргетасы, оның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Әділ шешім қабылдау тек заң аясында ғана емес, сонымен қатар қоғамдық сенімді нығайтуда да маңызды рөл атқарады. Гранттардың иегерлерінің бірі ретінде жылыжай шаруашылығын дамытуға пайдалануды жоспарлады. Бірақ бұл грантқа қатысты заңдық даулар мен төрелік мәселелер туындады.

Мен бұл грантты жеңіп алған кездегі мақсатым-ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, сондай-ақ экологиялық таза өнімдер өндіруге бағытталған жылыжай салу болатын. Алайда, кейбір тараптар гранттың әділ берілуі туралы сұрақтарды көтерді. Олар оны заңсыз деп санап, сотқа жүгінді. Түркістан облысы Созақ аудандық сотындағы төрағалық етуші судья А.С.Дәуренбековпен қаралған азаматтық іс бұл қағидаттың тағы бір көрінісі болды. Атап айтқанда 2024 жылдың 4 желтоқсанында Түркістан облысы Созақ аудандық сотында маңызды азаматтық іс қаралды. Бұл істің басты талапкері-Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы болса, ал жауапкер ретінде жеке кәсіпкер мен үшінші тұлға "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорының өкілдері қатысты. Іс материалдары бойынша талапкер жұмсалған грант қаражатын қайтаруды талап етті. Бұл мәселе тек қаржылық дауды ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік гранттарды пайдалану тәртібіне қатысты маңызды сұрақтарды көтерді. Төрағалық етуші А.С.Дәуренбеков тараптардың дәлелдері мен құжаттарын мұқият талдай отырып, сот процесінің ашықтығын қамтамасыз етті. Іс қаралу барысында талапкер мен жауапкер өз ұстанымдарын қорғау үшін заңды негіздер келтірді. Судья тараптардың әрбір дәлелін әділ бағалап, құқықтық нормаларға сүйене отырып шешім қабылдады. Осы арқылы сот процесі әділеттілік пен заңдылық қағидаттарына сәйкес өтті.

Осылайша, менің жылыжай салудағы грантты жеңіп алуым, кәсіпкерлік әлеуетім мен ауыл шаруашылығын дамытуға бағытталған талпынысымды қолдады. Соттың әділ шешімі менің табысты кәсіпкер ретінде қалыптасуыма, әрі еліміздің аграрлық секторының дамуына қосқан үлесі болып табылады. А.С.Дәуренбековтың төрағалығымен өткен бұл іс сот жүйесіндегі әділдік пен ашықтықтың нақты үлгісі болды. Қабылданған шешім құқықтық нормаларға ғана емес, сондай-ақ әділеттілік қағидаттарына да сай болды. Мұндай шешімдер тек тараптардың ғана емес, бүкіл қоғамның сот жүйесіне деген сенімін арттырады.

Лайла ИРИМЖАНОВА.

ЦИФРЛЫ ДӘУІРДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ



Үстіміздегі 2025 жылдың 6-7 қаңтар күндері Л.Бөкенов, Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп базасында аудандық көшпелі семинар-тренинг болып өтті. Созақ ауданы білім бөліміне қарасты әдістемелік кабинеттің 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспарына сәйкес "Балалар мен жасөспірімдер арасында деструктивті, аутодеструктивті, агрессивті,

девиантты мінез-құлықтың алдын алу және психологиялық сүйемелдеу" мақсатында өткен семинар-тренингтің тақырыбы "Цифрлы дәуірдегі жастардың денсаулығы" болды. Семинар барысында Созақ ауданының білім бөлімі, әдістемелік кабинеттің психология бойынша әдіскері Ерденева Жансая балалар, жасөспірімдер және ересектер арасындағы деструк-

тивті мінез құлықтың алдын алу жайында сөз қозғады, лудоманияның алдын алу бойынша баяндама жасады. Сондай-ақ, С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектептің педагог-психологы Алтаева Гүлзира және мектеп психологы Наурызбаева Замира мектептің мұғалімдері мен ата-аналарына психологиялық жаттығулар жүргізді. Тағы да "Суындық" жалпы білім беретін мектептің психологы Қалиева Дина 8-10 сынып оқушыларына тренинг өткізді. Ал, Жамбыл атындағы шағын жинақты білім беретін мектептің психологы Шылманбетов Рауан, Бөкенов атындағы жалпы білім беретін мектеп психологтары Г.Жүсіпова, А.Болысбек мектеп бітірушілеріне табысты нәтижеге жетуге психологиялық дайындық тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг оқушыларға психологиялық тұрғыдан дайын болуға, болашақтағы сынақтар мен қиындықтарды жеңіп шығуға деген сенімділік пен күш-қуат берді. Жалпы, жоғарыда айтқанымыздай бұл іс-шараның негізгі мақсаты: Балалар, жасөспірімдер арасындағы деструктивті, аутодеструктивті, агрессивті, девиантты мінез-құлықтың, кибербуллинг, буллинг, әлімжеттік, ер-тежүктілік, лудомания, құқық бұзушылық алдын алу бойынша жасөспірімдердің қауіпсіздігін сақтау, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, адамгершілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу болатын.

Данияр ҚОЖАНТЕГІ.

«Егемен Қазақстан» газетінің 2022 жылғы қаңтар айындағы санына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, белгілі қаламгер Дархан Қыдырәлінің «Қазыналы Созақ-ұлт руханиятының қайнары» атты мақаласы жарияланды. Газеттен көріп, оқып, содан кейін редакция алқасымен кеңесіп, аудандық газетке сәл айық дедім. Мақаланы газеттің дизайнері Асхан Бақтыбаев тіке «Егемен Қазақстан» газетінен алатын болды. Сөйтіп аудан оқырмандарының назарына ұсынылды. Бұл күні аудан әкімі Созақ ауданына әкім болып тағайындалған күн болатын.

2024 жылы ақпан айында Дархан Қыдырәлінің «Рухани ескерткіштерді қорғау» туралы пікірін де оқыдық. Ал қараша айында аудан әкімінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов осы мақаланы «тауып бересіз ба» деді. Тауып бердім. Бұл аудан әкімінің тікелей тапсырмасы екенін ұғындым.

2025 жылы қаңтар айының 12



ғалымдарын шақыру, сондай-ақ Жаңа ғылыми танымдық энциклопедия шығару. Оған ғалымдардың, тарихшылардың Созаққа, қазақ хандығына қатысты жазған ғылыми мақалаларын енгізу керек. Хожа Ахмет университетінің ғалымдарымен байланыс орнатуда маңызды болар еді.

Шахи Ахмет, Қарабура, Ысқақ баб, Баба Түкті Шашты әзіз кесенелеріне көзі қарақты, білімді, тарихшы азаматтардан шырақшылар алу керек. Ол кесенелерге алдағы уақытта Әзірет Сұлтан қорық-мұражайынан (110 штаты бар) 5 штат сұрау мәселесі тұр. Оны да конференцияға дейін тиісті басшыларға айтамын, деді сенатор.

Бірінші қабат -ислам қабаты, екінші қабат -Созақ атауы, үшінші қабат-Қарабура қабаты, Төртінші қабат- Алтын орда, Жошы ұлысы, бесінші қабат-қазақ хандығы, оның ішінде Керей мен Жәнібек, алтыншы қабат-Созақ көтерілісі. Осы қабаттар бойынша тарихшылар мен ғалымдар баяндама

ІРГЕЛІ ІСТІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНА БАСТАДЫ

жұлдызы күні аудан әкімінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерлан Райымқұлов өзіне шақырды.

-Мәке, ақылдасатын мәселе бар. Аудан әкімінің тапсырмасы негізінде біз қаулының жобасын әзірлеп жатыр едік, деп маған қаулының көшірмесін танысу үшін көрсетті.

Қаулы «Орта ғасырлардағы Созақ қаласының мәртебесін анықтайтын жұмыс тобын құру туралы» екен.

«Сосын Астана қаласына топ жетекшісі, аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов екеуіңіз барып Дархан Қыдырәлімен осы мәселе төңірегінде пікірлесіп келесіздер. Оған сізді барады деп отырмыз. Бара аласыз ба,» деді. Ойланған жоқпын. Барамын дедім.

Қаңтар айының ортан бөлінде аудан әкімінің орынбасары Серік Сахиялы Маманов екеуіміз Астана қаласына сапарға шықтық. Бейсенбі күні Шымкент қаласындағы әуежайдан таңғы сағат 5-30-да ұшаққа отырып, таңғы сағат 7-10-да Астанаға қондық. Ертеңіне түс ауа сағат 16-30 да Парламент Сенатының депутаты Дархан Қуандықұлы Қыдырәлінің қабылдауында болдық. Жылы қарсы алды. Кең отырып әңгімелестік.

-Созақ қаласы туралы кемшін жазылып жатыр. Осы мәселені кең ауқымда жазылу керек. Ол үшін ғылыми практикалық конференцияны өткізуді қолға алып жатқан бастамаларыңыз өте орынды әрине бұл тарихи дүниені әлдеқашан қолға алуымыз керек еді-деді. Дегенмен Созақ өңіріндегі осы әулиелер мен машайықтардың ғажайып кесенелері жаугершілік замандарда, кейін кеңестік қызыл саясат кезінде де тоналып, қиратылған. Осылардың қатарында Ысқақ бабтың мазары да талқандалған. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде әулиелердің қабірін тонау, сол арқылы қазақ қоғамының рухани тұлғаларын қорлау істері белің алғаны белгілі. Сол сияқты, Созақтағы XIX ғасырда негізі қаланған аса құнды рухани ғимараттардың бірі Шахи-Ахмет Ишан мешіті – Орталық Азияда теңдесі жоқ ғажайып ғимараттың бірі. Мешітті салған шеберлер Орта Азия мен Еділ бойындағы сәулет өнерінің үйлесімін ұтымды бере білген. Өлкетанушы А.Қабден-Кәрімнің жазуына қарағанда, Шахи Ахмет әйгілі Байғара бидің ауылында Аяғез, Тарбағатай өңіріне ілім таратқан ғлама, Бұқара, Уфа сопыларынан білім алған зиялы. Ол кісі патша үкіметі тарапынан қуғындалып, ит-жеккенге үркітке айдалады. Халық тақуаны мал жинап, соңынан іздеп барып абақтыдан құтқарып алады, ол кісі Тройцк арқылы Аяғезге аман-есен оралады. Кейіннен қуғын-

сүргіннен бой тасалап, Созақ өңіріне орналасып рухани ілімін жая түскен. Оның баласы Сапар Мағзұм қазіргі Түркістан облысына қарасты Түлкібас ауданының Көкбұлақ елді мекеніне келіп, діни-ағартушылық қызметтер атқарған. Көкбұлақтағы ауыл қарияларының айтуынша, дінге қарсы атеистік көзқарас орнағанға дейін осы ауылда жұма сайын жан-жақтан машайықтар жиналып, мешіт құжырасында зікір салып, ауру-сырқауларды шілдеге салатын орын болған екен. Ал Құтып атанған Шәкер мағзұм қайтыс болғанда әйгілі ақын Әріп Тәңірбергенов: «Құтыбым жадыраса жан базары, Бар еді іштен зұлмат дерт жазары. Перзенті машайықтың ер әулие, Пасықты сауықтырған бір назары», деп оның арғы атасы Шахи Ахметтей дін жолында күрескен ердің перзенті екендігін қадап айтады. Сондықтан Ысқақ баб, Қарабура әулиелердің рухани ізбасары ретінде еліміздің әр өлкесінде халыққа діни-ағартушылық қызмет жасаған Шахи-

ни ұстыны, пірі болған Баба Түкті Шашты Әзіздің бейіті, Қазақ хандығының астанасы болған, хандардың сүйегі жатқан Созақ қаласы мен Хақназар ханның қорымы елеусіз жатуы соның айғағы. Тіпті, қазір шағын бөлігі ғана аман қалған көне Созақ қаласының орны жойылып кетудің аз-ақ алдында тұр, деді өз әңгімесінде Дархан Қуандықұлы. Осы ұлық мәселені көтерген сенатор мырза мен аудан басшысына айтар алысымыз шексіз! Алдағы уақытта асқаралы айтар, жан-жақты жазар дүниеміз бен жаңалықтарымыз көп болғалы тұр. Әзірге барып келген сапарымыздың бұл басы ғана. Оны да сүйіншілейтін уақыты келеді....

Сенатормен ақылдасу, пікірлесу барысында орта ғасырлық Созақ тірек қаласының тарихын кең көлемде зерттеуге жол ашу және оның қазақ тарихындағы айрықша ролін дәріптеу мақсатындағы ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыру мәселелерін айта келіп,

Конференцияны Созақ ауылында

әзірлеу керек. Шахи Ахмет мешітін ЮНЕСКО-ға енгізу керек. ЮНЕСКО өкілдерін Созаққа арнайы шақыру керек.

Арыстан баб- Ысқақ баб-Баба Түкті шашты Әзіз-Қарабоғұра хан-Әзірет Сұлтан туристік маршрутына енгізу.

Шахи Ахмет мешітін жоғары оқу орнының базасына енгізу.

Болашақта Созақ өңірі де Алтын емел сияқты Қазақстандағы рухани парк болуы керек.

Сүгір күйшінің мазараты қараусыз қалған. Соны реттеу, жергілікті ауыл әкімдіктері өз қарауларына алу керектігі де сөз арасында айтылып өтті.

Аталмыш конференцияда Әли Бектаев, Ұласбек Сәдібеков, Қайрат Балабиев, Дархан Қыдырәлі, Берекет Кәрібаев, Мамбет Қойгелді, Мұрат Қадырбек, Сыдықбек Мәулен ішінде болуы керек. Өйткені бұл азаматтардың осы мәселелерден хабары бар. Әрі істің алға жылжуына септіктері тиеді. Жергілікті басылым арқылы жергілікті халыққа, аудан жұртшылығына Шахи Ахметті, оның өмір жолын, мешіттің салыну тарихын, оның құрылымын жете таныстыру керек.

-Шежіре дәстүрде аты Қазақпен қатар аталатын қазыналы Созақ – ежелден қарт Қаратау мен Сырды қауыштырып, алуан мәдениеттерді тоғыстырған, қазақ халқының байтағы болған өрісті өлке, руханияттың нәрлі ошағына айналған киелі өңір. Қожа Ахмет Ясауидің арғы бабасы Ысқақ баб, Ұлық Ұлыстың рухани ұстыны Баба түкті Шашты Әзіз, Қарахан дәуірінің әйгілі әміршісі Тамғаш Хасан Боғра хан (Қарабура) және қазақ хандары мәңгілікке дамылдаған, Кенесары хан бекініс құрған қастерлі Созақты ұлттық рухани мұра ретінде зерттеп, зерделеу, насихаттау, сақтау - кезек күттірмейтін іс болса керек. Сондықтан бұл туралы мақала жаздық, депутаттық сауал да жолдадық. Бүгін Созақ ауданынан арнайы келген Серік Сахиялы және Мақсат Жеңісұлымен осы мәселе төңірегінде пікір алмастық. Бұйырса, биыл бір ізгілікті іс басталады деп үміттеніп отырмыз, деп жазды Дархан Қуандықұлы ертеңіне өзінің фейсбук парақшасында. Дархан Қыдырәлімен болған әңгімелесуде алдағы конференцияның майда детальдарына дейін талданды. Әрине айтылған, көтерілген мәселелердің біршамасын аудан әкімінің өзі шешетін мәселелер. Дәй тұрғанымен ақылдасып, сіз-біздесіп жасалған істе абыройдың басымы болары анық. Былайша айтқанда ғылыми-практикалық конференцияға дайындық жұмыстары басталып кетті десе де болады. Ісімізге дәйім береке берсін!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.



Ахмет ишан тұлғасын ұлықтап, оның Созақтағы мешіт-медресесін мәдени мұралар тізіміне енгізген жөн деп есептейміз.

Тәңірге тәубе, қазір Ұлытау мен Жошы хан ұлықталып, Түркістан түлеп, Ясауидің тұлғасы насихатталып жатыр. Бұл тарлан тарихымыздың бойына қан жүгіртіп, құндылықтарымыздың қайта жаңғыруына игі бастама. Алайда әлі одан да ірі тұлғалардың қараусыз, елеусіз жатқаны жанға батады. Ясауидің түп бабасы Ысқақ бабтың мазары, Ұлық Ұлыстың руха-

өткізген дұрыс болар еді. Өйткені конференция ғылыми-практикалық болған соң, көзбен көріп, қолмен ұстаған-дай әсерде болуы керек деді.

Сондай-ақ, екінші мәселе ғылыми-практикалық конференцияға зиялы қауым өкілдері, мұсылман ақсақалдары, дінтанушылар, ғалымдар мен тарихшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақпарат құралдарының өкілдері міндетті түрде шақырылуы тиіс.

Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Тартарстан, Түркістан университетінің

Теріскейдің туғыры биік тұлғасы

Кеңіл шіркін жүйрік қой, әп-сәтте артқы жылдарға шегініп «алыстап кеттік-ау құрғырлар» демей бәрін санадан сараптап өткізе береді.

Азаматтың шын бағасы оның қызметіне, не қалтасының қалыңдығына қарап емес, халқына сіңірген еңбегіне қарай бағаланады.

Сонау кеңестік заманның ортасынан күні бүгінге дейін ұлтына қызмет етіп, ұлтының жоғын жоқтап барын базарлай білген азаматтың бірі-Мыңжасар Асқарұлы. Ол өзінің еңбек жолын алған мандығына байланысты құрлысшы-сәулетші қызметінен бастап, комсомол, партия, кәсіподақ ұйымдарының жетекшісі, одан қала берсе әдебиет өнерінде тарих зерттеушісі. Әлі күнге дейін саяси деріскер.

Қазақта айтатын: сегіз қырлы бір сырлы мамандықтардың иесі деуге болады. Сондықтан да болар, қай салаға сөз тартсаң да жаңылыспай сөз қозғай білетіндігі, сөзге шешен, ісіне мығым шебер. Дос, туыстарының арасында бұл кісі жомарт, тұла бойы тұнған әзіл-оспақ, сөзі ұтымды, тапқыр, сатирик.

Тағы бір қасиеті мен ақынның деп, даурығып, даралық танытпаған Мыңжасар ағаның жан дүниесі, ел демін сабырмен тындап, шығармашылығына арқау еткен, сырға берік жан десек бола.

Өйткені, поэзия-жеке адамның ешкімге айтпас құпия, қастерлі ішкі сыры, халық мұны, өнердің шыны деп бағалайды. Осыны жеке ұққан қаламгер, ақын Мыңжасар Асқарұлы да өзінің әдеби шығармашылығын, поэзия жанрымен қатар алып келеді. Оны біз өз мұрасынан жақсы білеміз.

“Ақын екенсің дейді жұрт, мен оған масаттанбаймын да, “ақындық деген құрдақырт, пенделіктен әрі аса алмас”, деуі базбіреулердің арнау жазып, ақынмын деп жүргендердің есіне салғандай.

Мыңжасар Асқарұлы жоғары білімді құрылысшы-сәулетші, технолог және ауыл шаруашылық маманы, зоотехник.

Еңбек жолын Шымкент қаласы қорғасын зауытында бастап, инженер-конструктор, аппаратшы болып жеті жылдай еңбек еткен.

1971 жылы өзінің туған жері Созақ ауданына ауысып № 1807 құрылыс мекемесінде шебер, сонынан құрылыс инженері болып еңбек етеді. Ал 1977 жылдан 1984 жылға дейін ауданның бас сәулетшісі болу бағы бұйырады.

Әр азаматқа туған елінің бар жері қасиетті. Елім, туған жерім деген жігітке осындай жауапты жұмыстар бұйырған соң, сол бір жылдар аудан орталығына сәулетті ғимараттар тұрғызу, көшелерді заман талабына сай реттеу, абаттандыру, саябақтарды көркейту жұмыстарына елеулі үлес қосады.

Кезінде өз басшылығымен аудан орталығындағы көше бойларына өгілген талдарды қырыққызған басшы қызметкерді аяусыз сынап, шырша екізген де осы кісі болатын.

Ауданның архитектуралық бейнесін жандандырып, іскер маман ретінде көзге түскен Мыңжасар Асқарұлы 1984 жылдан бастап аудандық партия комитетінің партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, аудандық кеңестің ұйымдастыру және тұрақты комиссиясының меңгерушісі, және №23 ПМК мекемесінің басшысы болып қызмет еткен. Әсіресе осы мекемеде басшылық қызметте жүріп Күмісті, Ынтымақ, Қошқарата, Жосалы су қоймаларын, Біресек қаналының салынуына өз үлесін қосты. Ауданның ауыл шаруашылығын дамытуға қажетті су жүйелерін іске қосып, егін шаруашылығын ұлғайтуға ықпал етті. Аудан көлемінде түрлі әлеуметтік мекеме жайларын, мектеп, тұрғын үй құрылыстарын салып, ел құрметіне бөленді.

Ауданның саяси өмірімен бірге шындалған Мыңжасар жылдар салып партия тірлігіне қайта араласады. Сол кезеңде аудан басшысы Досыбай Шерімқұлов Мыңжасар Асқарұлының іскерлік қабілетін ерекше бағалап, өз тандауын жасайды.

Осы бір кезеңде мол тәжірибе жинақтап, қоғамдық өмірге белсене араласып, саяси сауаттылығымен танылады әрі іскер, талапты басшы ретінде

көрінеді.

Ал 1994 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін жиырма жылдай әуелі Теріскей, сонан соң аудан орталығы-Шолақорған ауылының әкімі болып қызмет атқарған.

Сонау қиын кезеңдерде елге басшылық жасау оңай емес еді.

Халықтың қалтасында ақша жоқ, ішетін ас-су тапшылығы тағы бар, жарық, отын су мәселесі өте күрделі, мінетін көлігі жоқ, жаяу жүріп ұйымдастырудың арқасында үлкен өндіріс орындарынан бартер арқылы ұн әкеліп, Алғабас ауданындағы отты диірменнен бидайды ұнға айналдырып, жағдайы төмен азаматтарға қарасқандардың бірі осы азамат болатын. Шымкент қаласындағы зауыттан тауық балапандарын жем-шөптерін қоса әкеліп, жағдайы төмен әр жанға елуден, жүзден тарту еткенін де білеміз. Ұйымдастыру қабілеті өте жоғары болатын қайсарлық, қатал мінезді болса да, халықтың тілін таба білетін. Аудан басшылығымен бірлесе жұмыс жасап, ол қиындықтан да өтудің жолын тапқан басшы бола білді.

Жалпы Мыңжасар Асқарұлы өмірде қарапайым, кісілік келбетті азамат.

Сөзі мығым, ешкімге жалтақтап көрмеген жан. Айтар ойын ашық білдіретін адуынды айбатты, жағымпаздыққа жирене қарайтын тұғырлы азамат. Тоғышарлық дейтін әлеуметтік дерт көрсе, ащы тілмен атой салатын, қоғамдағы өтірікке, жағымпаз сарай бұлбұлдарына, аярылыққа, көлгірлікке, пысықайлыққа, арам өңештерге, әділетсіздікке қарсы аянбай қалам сілтейтін ақын поэзиясында көрініс тапқан. Бірде аудан басшысының келеңсіз әрекетіне күйінген ақын ағамыз.

Кінәлі кім, қоғам ба, әлде өзің бе? Өкініштен өрт тұтанды көзімде. Жуас елдің шүпен етіп байлығын, О, ағайын, тарату үшін келдің бе? дей келіп,

Ардан аттап кететұғын кім едің. Бұл ісіңіз масқара ғой, масқара, деп ақпарат бетіне жария еткенде Мыңжасар ағамыз еді.

Көтерген ем тербетіп көктің үнін, Қасіреті, қайғысы өтті күнім. Ғұмыр кештім арыма дақ түсірмей, Нағыз көкжал секілді көк бөрінің-деп те жырлаған ақын.

Жұмбақ жан деп тағы бір айтатынымыз, ешкімді жанына жақындатып, сырын аша бермейтін, өз ойын үнсіз ұқтыратын.

Жыл мезгіліне арнаған табиғи туындылары жұмсақ бояудың үндестігімен көңіл баурайды. Әуезді әуенге бөлейді. Күннің жылуын, самалдың сыбырын сөздіреді. Жан жүрегіңізді әдемілік пен әсемдікке баурайды.

Кезінде белгілі ақын Жарылқасын Боранбай:

Ел ішінде жүр бір ақын, Тұла бойы талант, нұр, ақыл ...

Келді ғой кезең, халқым-ау

Мойныңды бұратын,-деп, өлең жолын арнаса, қалың жұртқа белгілі лирик ақын Бөрғазының Өскені де ақын Мыңжасарға:

Мыңжасар азаматсың ар-намысты Мінезің ер жүрекке лайықты.

Шын азаматсың табиғи болмысыңмен,

Ұнадың қалың жұртқа оңды ісіңмен. Мақсат шыңға шығуға ұмтыласың,

Қасқайып қара нардай зор күшіңмен. деп жырласа, бұдан кейін де ақын-жазушылар өз туындыларына арқау етіп қалам тартқанын көреміз.

Жалпы Мыңжасар Асқарұлының табиғаты ақындық жырлағандай бірде дауыл, бірде шуақ, бірде мейірімді жанаушы, бұл кісінің тағы бір қыры өз өлең жолдарында, “саған деген сезімдерім” от болып, тұрса-дағы жеткізуге именем”-деуін, періштелікке теңемеске амал жоқ.

Сонымен қатар, таланты терең тамыры жайлаған өнерде ойып алар орны бар, тума талант иесі.

Алғашқы кітабы «Ақ жауын» атты есіммен 2002 жылы жарық көрсе, «Қайта оралған көктем» атты жыр жинағы 2004 жылы оқырмандарға ұсынылды. 2007 жылы «Құлагер» атты үшінші кітабы «Кітап» баспасынан шықса, 2010 жылы «Нұрлы жаңбыр», «Ер Едіге» кітаптары, ал 2012 жылы «Өмір Керуен» кітабы өмірге келді. Мұнан кейін ұрпақ тәрбиесі мен жастарды патриотизмге



тәрбиелеу жөнінде бірнеше кітапшалары жыл сайын жарық көрді. 2015 жылы «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт тағдыры», 2016 жылы «Мен елімнің патриотымын», 2017 жылы «Ұлы дала, мәңгілік ел» 2018 жылы «Болашаққа берік қадам», «Отбасы құндылықтары» тақырыптарына «Күзгі бақтың мәуесі» атты топтама жыр жинағы 2020 жылы оқырмандарға ұсынса, 2025 жылы «Бозқырау» атты жаңа туындысын оқырмандарға ұсынып отыр.

Жазу деген-азапты дүние. Поэзия мен драматургия деген оңай шағылатын дүние емес. Қай шығармашылық адамын өсіретін нәрсе-талмай ізденуді қажет етеді. Оның тағы бір қыры образды аша білуі. Әсіресе—«Үміттің өлімі» атты әдеби көркем драмалық қойылымы халықтың талғамынан шыға білді десек болар. Прозада «Зейнеп» атты туындысы жарық көрсе, М.Мағауиннің Аласапыран романынан «Созақтағы кеңес», М.Әуезовтың «Абай жолы» романынан «Құнанбайдың белгісі», сонымен қатар, 2014 жылы «Абылай хан» прологын сахналық пьеса жазып, ұсынды.

«Қайдасың көріпкел Қауғашбай» атты сатиралық драмасы, «Тосын сыйлық» прозалық әңгімелері, «Ана махабаты» атты драмасы баспасөз беттерін жарық көрді.

Мыңжасар Асқарұлының әуесқой сазгер ретінде де оннан астам әндері бар. «Ақбикеш», «Меркі», «Сағыныш сазы», «Сырлы әуен сағынышы» «Ақмаржан», «Аққулар» атты тағы басқа әндері аудан сахналарында айтылып жүр.

«Көне тарих күмбірі» тақырыбында бірнеше рет мақалалары облыс, республика газет беттерінде жарияланған.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының «Ер Едіге және Алтын Орда мемлекеті тұсындағы билер институтының маңыздылығы» атты ғылыми конференцияға ғылыми теориялық баяндамасы енген Едіге танушы.

Бүгінде де кәсіподақ биіктік үшінші тұтқасы десек, бұл қызметте де жастарды ұлттық салт-дәстүрге, патриотизмге тәрбиелеу жөнінде лекторлық қызмет атқарады.

Айбарлы да, айбатты осынау Теріскейдің темірқазығы атанған Мыңжасар Асқарұлының бүкіл еңбек жолы ел игілігі жолында болса, өнер саласында да атқарған жүгі аз емес.

Ол өзін бақытты жанға теңейді. Алла тағала маған осы жасты сыйлады, ел жұртым еркелетеді, қуанышыма ортақтасады дейді.

Көрсем болды, кетем ылғи тіл қатып, Өлең оқып, ән салдырам тындатып. Бақыт деген осы емес пе, бауырым, Көзің емес,

Көңілің тойса-сол бақыт-деуі сөзінің дәлелі болса керек.

Мыңжасар Асқарұлы бүгінде аудан қаламгерлері Құлыншақ Кемелұлы атындағы шығармашылық бірлестіктің төрағасы, сонымен бірге Мемлекеттік, банк мекемелері және қоғамдық қызмет көрсету қызметкерлері салалық кәсіпо-

дағы Түркістан облысы, Созақ аудандық комитетінің төрағасы, Созақ ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстан Республикасының еңбек ардагері, есімі «Оңтүстік элитасы» кітабына енген.

«Тыңның 50 жылдығы», «Лениннің 100 жылдығы», «Тәуелсіздіктің 10-20, 30 жылдығы», Қазақстан Республикасы Конституциясына-10-20-30 жылдығы, «Астананың-10-20 жылдығы» мен қатар «Оңтүстік Қазақстан облысына сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Президентінің Алғыс хаты мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің және мәслихатының Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталған. Республикалық кәсіподақ федерациясының бірнеше медальдарының иегері, Халықаралық Ресей, Беларусь, Украинамен бірлесіп шығарған энциклопедияның ең тандаулы азаматы атағының иегері. Қазақстанның алтын кітабына енген қарымды қаламгер, қоғам қайраткері.

Қызарып күн батпаса таң атпаған, зердесіз уәлі сөз таратпаған, өмірде әркімнің де еншісі бар, ешкімді несібесіз жаратпаған-демекші облыс жұртшылығына аты қанықты Мыңжасар Асқарұлының бүкіл еңбек жолы ешкімді бей жай қалдырмасы анық.

Мыңжасар Асқарұлы-қос қанатты ақын. Біріншісі лирикалық жырлары болса, екіншісі, ән-өлеңдері. Ақынның азаматтық болмысын, мінездемесін оның өз өлеңдерінен тануға болады. Ол кісі әр тақырыпқа байланысты оннан астам кітап жазып, артына өшпес мұра қалдырды.

Түрткілеп шимақтайды қалтқы қалам, Білмеймін нені өмірден арттыра алам. Байлығы ақындардың өлең болар, Мейлің ұқ, мейлің ұқпа, бақытты адам.

Әркімнің өмір жолы әркілі екені аян. Сол сияқты ақындық жол да әрқалай қалыптасады. Біреу ерте танылады, біреу кеш шығады. Ерте танылғанның бәрі ерек боп шықпайды, кеш шыққанның бәрі кенже қалмайды. Жалт етіп көрініп, жарқ ете алмай солғандар қаншама. Бұл кісіні ақындықтың азабы мен мұны бір кісідей татып келе жатқан арлы буынның өкілі дер едік.

Мыңжасар Асқарұлының бірнеше әңгімелері, проза, сатиралары туралы тоқталып жатпадық. Поэзияда сақа ақын болғанымен, қаламгерлік қасиетінің де артықшылығын байқатып келеді. Бұл кісі қандай тақырыпты қозғаса да, ұңғыл-шұңғылына дейін ерінбей қаузап, терең зерттеп жазыады.

Шыны керек, мұндай табиғи қабілет әркімде табыла бермейді. Дарын иесі болу бір бөлек, әдеби, тарих зерттеушісі болу бөлек дүние.

Талантты, ізденімпаз, өнерге жанаушы қаламгер, ұлы ақындардың соныңда келе жатқан тума талант иесі. Оның кісілік келбеті, кеңпейілділік, ақкөңілдік жақсылықтың жаршысы бола білу, үлкен азаматтық аршын, ерекше екпін, тұла бойына кернеген күш, адалдық пен ынтымақ пейілі, біз тауыса алмайтын қасиеттер сөз жоқ таланттың терең тамырланған өнердің сыртқы белгі бедерлері ғана.

Мұнымен біз Мыңжасар Асқарұлының бүкіл еңбек жолын, шығармашылығын толықтай айта алғанымыз жоқ.

«Зер қадірін зер қаққан зергер білер, ел қадірін ел баққан ерлер білер»-демекші, өмірі өнегеге айналған айтулы қаламгер, ақын ағамыз туралы азда болса оқырмандардың назарына жеткізуді жөн санадық.

Ия, ақын ағамыздың өзі айтпақшы: «Өмірге де, жастыққа да кенде жоқ, бәрін берген, бірақ риза пенде жоқ. Бірақ келер жастыққа да қор еттің, төгіп шашар артық өмір менде жоқ», демекші, ақындық дегеніміз де-сол жалғаншының сел топанына малтыққан пенде шіркінді ақиқаттың тоқымындай аралына жеткізіп, аман-есен алып қалу-дың қамы шығар.

Ескеретін бір жағдай адамның тағдыры тек бір ғана буынның өмір жолымен шектелмейді ғой, олай болса ақын ағамыз туралы әңгіме бітпек емес, ұрпақ сабақтастығы одан әрі жалғаса бермек, бұл кісінің өнегелі өмірі, ұрпақ зердесінде жасай бермек.

Жаппар ЖҰМАН,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық инновациялық зерттеулер Академиясының президенті, ҚР ҰҒА құрметті академигі,
Экономика ғылымдарының докторы, профессор.

ЖАСТАРҒА ПАЙДАЛЫ ӨЗГЕРІСТЕР- МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕ

Қоғамның дамуы мен өркендеуі көбінесе жастарға байланысты. Себебі жастар - елдің тірегі, мемлекеттің белсенді бөлігі. Олар жаңа идеяларды енгізіп, өзгерістердің көшбасшылары бола алады. Сондықтан олардың ең басты міндеті-жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, тұрақты даму үшін алға жылжу.

Осы орайда, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметке білімді жастарды тарту үшін бірқатар шараларды қабылдауда.

Солардың бірі, Президенттің Жарлығымен айқындалған Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында мектеп пен жоғарғы оқу орындарын қамтитын ерте кәсіптік бағдарлау институтын көздейді.

Онда, мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан бітіруші сынып оқушыларын мемлекеттік қызметке дайындау жұмыстары жүргізіледі.

Бұл дегеніміз - оқушылардың мектеп қабырғасында жүрген кезден-ақ олардың қарым-қабілетін, білімі мен біліктілігін дамыту, мемлекеттік қызметке қызығушылық танытқан жастарға кәсіби бағыт-бағдар бере отырып, мемлекеттік қызметтің қыр-сырын түсіндіру.

Өз кезегінде, ДепартаментТүркістан қаласындағы білім беру ұйымдарының жоғарғы сынып оқушыларына мемлекеттік қызмет саласында өткізілетін кездесу, форум, «Ашық есік күні» іс-шараларына қатыстырып, бірлесе жұмыстар жүргізуде.

Бұдан басқа, Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің жоғарғы курс студенттерінен құралған Департамент жанындағы «Жас мемлекеттік қызметшілер» мектебінің тыңдаушыларына бүгінгі мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерімен негізгі жұмыс бағыттары түсіндірілуде.

Бұл-білімді жастардың дағдыларын дамыта отырып, оларды мемлекеттік қызметке тартудың бірден бір тәсілі.

Қазіргі уақытта, осы мектептің 10тыңдаушысыорталық, облыстық және қалалық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік органдарда қызмет атқаруда. Яғни, кешегі студенттер бүгінгі мемлекеттік қызметтегі әріптесімізге айналып отыр.

Жалпы, білімге құштарлық әрқашан біздің халқымызға тән қасиет. Бүгінгі білімді жас-ертеңгі кәсіби білікті маман. Сондықтан, мемлекет білімді, талапты жастарға үлкен үміт артатыны анық.

Осы тұста, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына бірқатар өзгерістер енгізіліп, жастардың мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі жеңілдеді.

Соның бірі, мемлекеттік грантпен жоғарғы оқу орнын жақсы бағамен аяқтаған түлектер (GPA 3.33-тен жоғары)бір жыл ішінде аудан, ауылдардағы төменгі

лауазымдарға конкурстық орналасуы.

Осы мүмкіндіктіпайдаланып республикада-442, облыста-35 түлек мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеусіз қабылданды.

Бұл өз кезегінде білікті жастарды мемлекеттік қызметке ынталандыруға, жас мамандардың аудан, ауылдарға оралуына, сонымен қатар өңірлердегі кадр тапшылығын азайтуға септігін тигізіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өңірге келген іссапарында «Жастарға жаңа мүмкіндіктер беруіміз керек. Ол үшін жастарды олардың өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифтілер іс жүзінде жұмыс істеуі керек» - деп айтқан болатын.

Осы орайда, дарынды жастарды мемлекеттік басқару ісіне араластыру мақсатында, Агенттік 2019, 2021, 2023 жылдары Президенттік жастар кадр резервін қалыптастыру жұмыстарын жүргізді.

Нәтижесінде, 400 адам резервке алынып,бүгінде оның 300-ден астамы мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік секторларда басшылық лауазымдарда қызмет етуде.

Сол сияқты, білімді жастардың пулын қалыптастыру бойынша 2024 жылы алғаш рет Өңірлік кадр резервіне іріктеу жүргізілді. Оған облысымызданиет білдірген 600-ден астам адам резервшілер тізіміне ілікті.

Айта кету қажет, түрлі салаларда еңбек еткен резервшілерге мемлекеттік қызметке конкурстық орналасу немесе мемлекеттік қызметте одан әрі ілгерілеу бойынша заңнамаларда ерекше мүмкіндіктер берілген.

Осы мүмкіндікті пайдаланған 9 резервші облыстық, аудандық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарда еңбек етуде.

Жалпы, кадр резервіне іріктеудің мақсаты - талантты жастар арасынан жаңашыл ойлайтын көшбасшылар мен жас басқарушылардың тобын қалыптастыру.

Қорыта келе, жастар қоғамның негізгі қозғаушы күштерінің бірі болып табылатындықтан, олар жаңа идеялармен, белсенділікпен ерекшеленеді және өздерінің күш-жігерін қоғамның дамуына арнауы тиіс. Сондықтан, жастардың әлеуетін дұрыс пайдалану арқылы қоғамды жақсартуға, болашаққа деген сенімді арттыруға болады.

Осы орайда, елдің дамуына әрбір жастыңөз үлесін қосуы үшін, жастардымемлекеттік қызметтегі мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға шақырамын.

**Абылайхан
НАУРЫЗБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттерінің міндеттерінің бірі – тиісті әкімшілік -аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау және бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жөніндегі шараларды тұжырымдау.

Бәрімізге мәлім, Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірде Мем-



МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТТЫҢ ҚЫЗМЕТІН БЮРОКРАТИЯДАН АРЫЛТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

лекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы № 872 Жарлығы қабылданған.

Аталған Жарлықта белгіленген мемлекеттік аппараттың қызметін жетілдіру және бюрократиялық рәсімдерді еңсеру жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында, 2022 жылдан бастап Департамент тарапынан өңірлік деңгейде мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделей отырып, мониторинг пен талдау жұмыстары жүргізілуде.

Бұл атқарылып жатқан қызметте көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мемлекеттік органдардың қайталанатын және артық міндеттерін, функцияларын; артық, шектен тыс, негізсіз талаптарды және (немесе) шығындарды; алдамшы, жалған және негізсіз, оның ішінде әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты қызметті; құқықтық актілердің, ақпараттық жүйелер мен ресурстардың, сондай-ақ басқарушылық қызметтегі олқылықтардың орнын толтыруға және кемшіліктерін жетілдірудегі кедергілерді жою жөніндегі міндеттер қойылып отыр.

Кедергілерді анықтау кезең-кезеңімен жеке дара тақырыптық бөліністерге сәйкес жүргізіліп келе жатыр.

Жалпы бүгінгі күнге дейін республика көлемінде Агенттік және оның аумақтық департаменттерімен 550-ден астам бюрократиялық кейстер мен оларды шешу жолдары туралы ұсыныстар әзірленді.

Өз кезегінде, жыл басынан Департаментпен Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту бойынша «Құрылымдық және аумақтық департаменттер директорларының (басшыларының) орынбасарларының болу орындылығы», «Субсидиялар беру кезінде қолданылатын субсидия критерийлерді және мемлекеттік қолдаудың өзге де шараларын алып тастау», «Санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық», «Мемлекеттік органдарда кадр, қаржы және заң қызметтерін орталықтандыруды

жүргізу тиімділігінің мониторингі формализмді барынша азайту және басқару шешімдерінің сапасын арттыру», «Мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін бағалау бюрократия мен әуре-сарсаңның белгілерін анықтау және азайту», «Өңірлік даму»бағыттарына қатысты жүргізілген мониторинг қорытындылары бойынша 52 ұсыныс жолданған.

Сондай-ақ, су ресурстары және ирригация салаларын бюрократиядан арылту бойынша жүргізілген талдаудың нәтижелері бойынша 56 ұсыныс жолданған.

Мәселен, Департаментпен қазіргі таңда облыс көлемінде өзекті тақырып болып саналатын «Атқарушылық геодезиялық түсірілімді мемлекеттік қала құрылысы кадастрына тіркеуді оңтайландыру бағыты» бойынша талдау жүргізіліп, арнайы проблемалық мәселе анықталды.

Облыстағы барлық аудандар мен қаладағы құрылысы аяқталған нысандардың дербес және мемлекеттік қабылдау актілері Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №750 бұйрығының 79-1 тармағына сәйкес жүргізіледі.

Бұйрықтың 79-1 тармағында – тапсырыс беруші объектіні пайдалануға қабылдау актісі бекітілгенге дейін инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылыстардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімін мемлекеттік қала құрылысы кадастрына тіркеу үшін «Жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ 6 бекітілген Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларына сәйкес жолдайды.

Өз кезегінде, Түркістан қаласындағы «Мемқалақұрылыскадастр» РМК Түркістан филиалы атқарушылық геодезиялық түсірілімді мемлекеттік қала құрылысы кадастрына тіркеуді жүзеге асырады.

Қазіргі таңда, облыста әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына байланысты, қабылданатын объектілер, яғни, жеке тұрғын үйлер, мемлекеттік нысандар, кәсіпкерлік бағыттағы объектілер, инфрақұрылым жүйелері және т.б. нысандар пайдалануға қабылдануда.

Ағымдағы жылдың 2 айының қорытындысы бойынша 3000-ға жуық объектілер тіркеуге өткізілген.

Алайда, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына атқарушылық геодезиялық түсірілімді тіркеу үшін, жеке және заңды тұлғалар облыс орталығы–Түркістан қаласына барып, тіркеуге мәжбүр болып жатыр.

Бұл тұста, түсірілген атқарушылық геодезиялық түсірілімнің немесе құжаттардың қате болуына байланысты 2-3 рет барып келу, шалғай жатқан аудандардың тұрғындарына қиындық туғызуда.

Осыған орай, дайын болған атқарушылық геодезиялық түсірілімді тіркеу «Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет веб-порталына онлайн түрде құжаттарды қабылдау қызметін іске қосу немесе қағаз жеткізгіште қабылдау бойынша әр ауданның халыққа қызмет көрсету орталықтарына «Мемқалақұрылыскадастр» РМК Түркістан филиалының маманын құжат қабылдау бойынша өкілі ретінде отырғызу ұсынылды.

Нәтижесінде, атқарушылық геодезиялық түсірілімді тіркеу үшін Түркістан қаласына бармай онлайн немесе тұрғынның тұрғылықты мекенжайы бойынша орналасқан орталыққа барып тапсырады. Сонымен қатар, тіркеу қызметі мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесіне енгізіледі.

Жоғарыда аталған шаралардың барлығы мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін бағалау, оның ішінде бюрократия мен әуре-сарсаңның белгілерін анықтау мен азайтуға бағытталған.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго» в соответствии с п.5 ст. 25 Закона РК «О естественных монополиях» проводит публичное слушание по обсуждению проекта тарифов и тарифных смет на регулируемые услуги водоснабжения и водоотведения на 2025 год.

Публичное слушание состоится 14марта 2025 года в 10:00 часов.

Адрес: Туркестанская область, Созакский район, поселок Таукент, рудник Канжуган. Администрация Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго».

ХАБАРЛАНДЫРУ!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛАРЫН
ӨНДІРІЛУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2025 жылы минералды тыңайтқыш сатып алған агроқұрылым иелеріне жеңілдіктер қарастырылған. Шетелдік минералды тыңайтқыш сатып алған агроқұрылым иелеріне 50% жеңілдік, ал отандық минералды тыңайтқыш сатып алған агроқұрылым иелеріне 60% жеңілдік қарастырылған.

Отандық тыңайтқышты сатып алуға ниет білдірушілер болған жағдайда «ҚазАзот» өкілі Бекжан тел: 8-775-477-47-07 Ұялы телефоны арқылы хабарласа аласыздар. Қосымша ақпаратты Созақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандарына жүгіне аласыздар, Ұялы телефоны 8-702-895-05-24.

Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі.

Орманды қорғау адами борышымыз

Өрт– абайсыз жағылған от, сөнбей қалған шоқ, кейде найзағадан да пайда болатын апат. Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, ерте көктемде және күзде болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Орман өрті жер бетін шарпыған кезде жапырақ, бұта, шөп-шалам, көк шөп, ағаштың жас өркендері жанады. Ауданымызда соңғы жылдары табиғаттың тосын мінездері оқта-текте байқалып қалуда. Өткен айларда найзағай жарқырап мамыр айының бастапқы күндері жауын жауып нөсерлетумен болды. Бүгінгі күнде барлық жерлерде өрт қауіпсіздігіне орай оқу-жаттығу жиындары болып, алдын алу, сақтық шаралары қаралып өтті. Алайда әрбір орман қорықшысы ғана емес әрбір аудан, ауыл тұрғындары өрт қауіпсіздігіне бей-жай қарамай өз қол хшын беруі керек. Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырпы қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік.


**Азамат БЕЙСЕНБИЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Аудан тұрғындарын өңіріміздегі орман алқаптарында өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды, өртті болдырмау, оның алдын алу жұмыстарына барынша атсалысуға шақырамыз. Тілсіз жау айналамыздағы жасыл желек-табиғатымызға орасан зор зиян әкелерін білеміз.

Көпшілік қауым, ауыл тұрғындары қонақтарын ертіп табиғат аясына демалғанда жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

**Құрманғазы ҚИЯҚБАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда



Шолаққорған ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Баймаханбетұлы Тәңірберген** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Асыл әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.

Кейтсеңдағы бізден алыс мәңгілік, Жүрміз әлі сағынышпен қамығып. Ұмытылмас нұрлы бейнең қашанда, Жадымызда тұрар әркез жаңғырып,-

деп, асыл әкеміз Тәңірберген Баймаханбетұлының рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастарының есіне саламыз.

Ас-22 ақпан күні (21 ақпан-қонақ асы) Шолаққорған ауылы, А.Байтұрсынов көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: Баймаханбет әулеті.

Адам өмірі басты құндылық, бүгінгі тақырыпты біздің өмірімізге зиян келтіретін адамды өмірден өтуге дейін апаратын зиянды әрекеттер жайында болмақ. Адам өмірін түрлі қатерлерге тігетін адамның қызығу-

логиялық дағыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.

Қазіргі таңда ең өзекті қоғамда түрлі сипатқа ие мәселелердің бірі бұл нашакорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ой-

елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашакорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда елімізде нарко диллерлерді қолға түсіру мақсатында түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашакорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағаласа бұл індеттенде арылармыз анық.

Нашакорлық-қоғам дерті

шылығын бірден еліктіре алатын, адамның ден саулығына едәуір зиян келтіретін, психотроптық дәрілер жетерлік соның бірі бұл наша кокаин дейді біреулер. Бұл тақырыпты талдамас бұрын жалпы нашакорлық сөзін талдап көрсек.

Нашакорлық- наркомания (грек тілінен нарке-мелшию және мапіа- ессіздік, құтырыну) есіткі заттарға пато-

сыратып зиянын тигізуде, өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссең түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашакорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашакорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылықтарға зиянын тигізуде. Біздің

Болашағымыз үшін маңызды

Жалпы ұғым бойынша сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік жағымсыз әрекеттердің жиынтығы. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әрбір мемлекетке тән, әлемдік ауқымдағы проблемаға айналып отыр. Сыбайлас жемқорлық елдің экономикасына, саясатына, әлеуметтік саласына ықпал етеді, ал оның залалы қоғамның дамуына кері әсерін тигізіп, еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас

жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінгі таңда қоғам дертіне айналып отырған бұл індетпен ел болып, халық болып бірлесе күресуге міндеттіміз. Себебі, бұл жағымсыз дерттен арылу болашағымыз үшін өте маңызды болып табылады.

Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

**Махсуда ҚОЖАМҚҰЛОВА,
Шу ауылдық округі әкімінің кеңесші,
іс басқарушысы.**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді дежегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тараптан түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-паракорлық.

Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында биліге бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат билігінен көрінуге тиіспіз.

**Ғабит МҰСАБЕКОВ,
Созақ аудандық статистика басқармасының бас маманы.**

Орманды өрттен сақтайық!

Барша адамзат баласы, жалпы тіршілік иелері өздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Қарап тұрсаңыз айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ.

Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп -өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

**Қанат ЕРШАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.**

ӘУЛИЕЛІ АТАЖҰРТ, КИЕЛІ ҚҰТ МЕКЕН...

(Жалғасы. Басы өткен санда).

Ысқақ баб

(БАБА Ата) кесенесі

Әзіреті Қаратау
Әулиенің кені еді.
Өзен сайын тастамай
Бәріне бір-бір түнеді.
Әзіреті Ысқақ бап
Бабатада дер еді.
Ол уақытта Бабата
Томпайып жатқан жер еді
Атабесік жасап басына
Қабірін бұлар түзеді...

«Алпамыс» жырынан.

Бұл ғимарат бұрынғы Баладж, Қарғалық, Бабата деп аталатын қала орнына салынған. Кесене үйі өзінің құрылысымен, салыну тәсілімен өте ерекшеленеді. Мұнда негізінен екі күмбез бар. Бірі – үлкен, екіншісі-кіші. Кішісінің астында Ысқақ баб әулие және әйелі, балалары жатыр. Екі күмбездің ара салмағы мынадай. Артқы кіші күмбездің диаметрі 25 – 27 метрдей болса, үлкені 36 метр. Үлкен күмбездің астында «жаназана намазы» оқылады деп есептелген. Құрылысты жүргізетін шебер Бұхарадан алдырылған. Шеберлер Ысқақ бап әулиенің тозған топырағын-сыпасын жөндеуден бастаған. Топырағын қасынан алған. Қазір ол жер ойпаң қалпында әрі жап – жақсы сақталған. Кіріпшінің арасына қосатын балшықты бөлек жерден даярлаған. Оған ақ керіш у тасты майдалап уатып, талқандап қосқан. Ара-лары берік болсын деп аттың, бураның, серкенің қылын, шудасын, жүнін турап салған. Сағана-мешіттің күмбезін жасау үшін сол кездегі әдіс бойынша ағаштан «тақия қалып» жасаған. Күмбезді өргенде екі қыш тіке, бір қыш жоңылып қиғаш қаланып отырған.

Ел қарияларының айтуына қарағанда, дін уағыздаушылары Ысқақ бабтың сағанасына мешіт-мазар салуды 1883 жыл шамасында қолға алған десе, зерттеуші-ғалым В. Колосовский 1901 жылы Ысқақ баб сағанасына 1025 жыл болғанын жазып қалдырған. Сонда сағана 876 жылы салынған боп шығады. Сағана-мешіт үйімен бірге медресе іргесі де қатар қаланған. Олардың кірпішін күйдіретін ошақтар – тандыр пештердің орны әлі сақталып отыр.

Осы құрылыстардың бәрін тұрғызу үшін бір кезгі гүлденген Қарғалық-Баладж-Бабата қаласының сәулет өнерінің сән-салтанатын, сол кезде қолданылған құрылыс үйі мүлтіксіз таза сақталған. Ысқақ баб мешіті сырттай қарағанда Ахмет Иасауи кешенін еске түсіреді. Сәулет өнерінің құнды ескерткіші ретінде өзіндік орны бар екендігінің айқын дәлелі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1971 жылғы 7 маусымдағы қаулысымен Бабатадағы мешіт пен медресенің мемлекеттік қорғауға алынып, оларға республикалық дәрежеде қорғау категориясы берілуі.

Қазіргі Бабата ауылындағы Ысқақ бап кесенесі әлденеше рет қайта жөнделіп, 1990 жылдан мәдени ғимараттар есебіне алынды.

Аңыздар мен деректер: Ысқақ баб – дала түріктеріне Ислам дінін ең алғаш таратушылардың бірі. Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымыз бен Әзірет Әлінің тікелей ұрпағы болып келетін Ысқақ Баптың елдің мәдени, рухани өрлеуіне қосқан үлесі, сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ол екі елді елдестіруші, екі



мәдениет–араб мәдениеті мен көшпелі елдің байырғы мәдениетін жақындастырушы, шын мәніндегі мұсылман әлемінің абыройлы өкілі.

Тарихи шежірелерде Ысқақ бап, сайып келгенде, Пайғамбарымыздың тікелей нәсілі боп саналып, өзінен санағанда алтыншы, әкесінен бермен есептегенде бесінші ұрпағы ретінде айтылады. Ал, бүкіл Түркі дүниесіне әйгілі Қожа Ахмет Иассауи осы Ысқақ баптың кіндігінен тараған сегізінші ұрпағы екені даусыз.

Ысқақ бабтың өзге бабтардан айырмашылығы Күтейбаның шапқыншылық саясатымен келіспей, елді иландыру арқылы дінге кіргізу керек деген. Ысқақ баптың соғыс әрекеттерінен гөрі, бейбіт тұрмысты жақтағандығы жөнінде ел аузында аңыз-әңгімелер көбірек сақталған.

Шежіре-наснамаларда Ысқақ баб Түркістанға хижра санауы бойынша 150 жылдары келді деп көрсетілген. Сол кездегі дала түріктерінің ең шеткі шекарасы болып саналған Қаратаудың терістігіндегі Қаракөз бұлағының басына қоныс теуіп, осында тұрып қалған. Мешіт, медресе салып, бала оқытып қазақ тайпаларының Исламға көзін ашқан. Сол жерге жерленіп, басына сағана тұрғызылған. Содан бері ұлы шайхының жатқан жерін жергілікті халықтар Баб-ата деп атап кеткен.

Ысқақ баб туралы зерттеу жұмыстарын белгілі ғалымдар Колосовский, Аристов. Кастанье және жергілікті қаламгерлер М.Жәмеков және Д.Тұрантегінің еңбектерінде көрініс тапқан.

Жуантөбе ауыл әкімшілігі бойынша

ДӘУРЕНБЕК ӘУЛИЕ

Дәуренбек әулие жазбаларда Дәуірбек әулие деп те жазылып жүр. Әулиенің денесі Жуантөбе елді мекенінің солтүстік-шығысынан үш шақырымдай жердегі төбеде. Төбеде ескі қорым бар. Жергілікті халық бұл қорымды бірде «Дәуренбек әулие қорымы» десе, енді бірде «Дәуірбек әулие қорымы» деп атаған. Соңғы кезде «Құтжан қорымы» деп атай бастапты. Аталған қорымдағы молалардың бірі шарбақты мола, екіншісі кесенелі, ал қалғандары қоршалмаған, төбешікті молалар екен. Төбенің орта тұсында үлкендеу, әрі бөлекше мола бар. Моланың солтүстік-батысында екі бөлмелі үйдің орны байқалады: бірі-әулиенің тұрған жайы, екіншісі-емшілік жасайтын бөлмесі. Тұрғын үйі мен емшілік бөлмесін жалғастыратын 3 х 1,5 метрлік дәліз бөлмесі және емшілік

бөлмесінің батысында 10-12 метр жерде ескі мал қорасының орны білінеді.

Жолбасшымыз Бейсенбі Дулаттың айтуына қарағанда, бұл жерде 1970 жылға дейін күмбез болып, 1975 жылдан кейін құлай бастаған. Күмбездің көлемі 6х4, биіктігі 12-13 метр болған деседі. Айтылған әңгіме мен төбешіктегі құрылыс жайдың тамтық іздері сәйкес келеді. Төбешіктен құлаған үй орны анық көрінеді, үйдің оңтүстік-шығыс жағында үлкен үйінді болса, солтүстік-батысында екінші төбешікпен қосылған бөлме ізі бар. Соған қарағанда денесі оңтүстік—шығыстағы 6х4 метрлік төбешікке жерленген де, қасындағы 8х4 бөлмеге солтүстік-батысындағы 3х1,5 метрлік дәліз арқылы кірсе керек. Төбе басында 10-12 метрдей қашықтықта ескі қораның орны сақталған, яғни мал емдейтін орын болса керек, өйткені бұл кісіні жергілікті халық «Төрт түліктің пірі» деп біледі.

Жалпы Дәуренбек әулие кешені тұрғынжай, емшілік жасайтын бөлме және мал қоражайынан тұрады. Осы кешенге қайтыс болғаннан кейінгі 6 х4 метрлік күмбезді кесенесі қосылған. Бүгінде аталған орынжайдың тамтық іздері ғана қалған.

Әулиенің қасиеті-кезінде мал бағумен айналысса керек. Тұрғылықты ел төрт түліктің пірі ретінде, оның кез келген ауруын емдейтін емшісі деп біледі. Жергілікті халық әулиені жүгірген аң мен малды бөлектен қорғаушы даланың киелі иесі деп біледі. Даланы мекендеген жан-жануарлар мен аң-құстарға зәбір көрсетушілерді түрлі мақұлық болып қуалайтын көрінеді. Сондай-ақ науқас адамдарды емдейтін қасиеті де болған екен. Жабырқағанның жанына жалау болып, тілегенге тілеулетік беретін құдыреті бар. Жылда ел болып жиылып құрбандық шалады, ұрпақтың аман-саулығын тілеп, құран оқиды. Қуаңшылық жылдары жаңбыр сұрайды. Емшілік жасайтын арнайы бөлмесі де болған деседі. Топалаң секілді ауру келгенде осы кісілердің басына малын түнетсе, індеттен аман қалады екен.

ЖҮСІПБЕК ӘУБӘКІРҰЛЫ

Шыңғыс ханның жиырма жетінші ұрпағы, Абылай ханның немересі, қазақ халқының ең соңғы ханы Кенесары Қасымұлының немересі Жүсіпбек Әубәкірұлының (1855-1909) қабірінің басына салынған кесене Жуантөбе ауылынан 15 шақырымдай шығыста орналасқан. XX ғасыр басында салынған сағана екі

бөлмелі тік төртбұрышты болған. Алты бұрышты күмбездері мен көрханасы дәстүрлі күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған. Сағананың ені 5 метр, ұзындығы 7 метр, тереңдігі 1,5 метр, ал күмбездің биіктігі 6 метр болған. Қабір жатқан жерасты бөлмесі қызыл кірпішпен өрілген. Күмбез қабырғаларының жалпы қалыңдығы төрт кірпішті ұзынынан қаланған, сондықтан қабырға үстіне шығып қожалар намаз оқи берген. Сағанаға 10 мыңдай кірпіш кеткен. Бүгінгі таңда 1912 жылы аяқталған сағана құрылысының көп бөлігі бұзылып, орны тегістеліп, шағын төбешікке айналған.

САПАРҚОЖА ӘУЛИЕ

Басына қойылған белгісі мен қабірі Жуантөбе елді мекенінен 3,5-4 шақырымдай шығыста орналасқан төбедегі қорымда орналасқан. Ол қорымды «Сапарқожа әулие қорымы» дейді. Әулие туралы бізге жолбасшы болып жүрген сол уақыттағы Жуантөбе ауыл әкімі, марқұм Жұмбақ Арынов пен Бейсенбі Дулат деген азаматтар былай деген еді: «Сапарқожа әулие осы өлкенің емшісі болған екен. Әсіресе елірме, делқұлы, шалық ауруларын емдеген». Бейсенбі Дулат: «Әжем Ырысалды қайтыс болғандан екі-үш күн бұрын, туыстарын жиып алып: «Менің түсіме Сапарқожа кірді, уақытым келген сияқты, дайындалыңдар! Сені Сапарқожа әулиенің қасына қойыңдар!» деген екен. Әжемнің аманатын орындап осында қойдық»-деп болған жайтты айтып берді.

Сапарқожа әулиені 16 х 14 метрлік өзі тұрған үй маңына жерлеген. Жерленген жерінде үлкендігі 10х8 метрлік күмбезді бір бөлмелі саған болған екен. 1968 жылы қабырғасы құлап, шашылып жатқан сағана материалдарын жергілікті халық жиып алып кетіп, түрлі мақсатқа пайдаланған, қалған кесек үйінділері бүгінде төбешікке айналған.

Әулиенің қасиеті-елірме, делқұлы, шалық ауруларының емшісі, төрт түлікке тиген кесер-кесепатқа зікір салған және бақсылық та қасиеті болған.

ҚАРАҚҰР АУЫЛЫ ӘКІМШІЛІГІ БОЙЫНША

АБЫЗ ӘУЛИЕ Шолаққорған ауылынан 110 шақырым солтүстік-батыста орналасқан Раң ауылының іргесінен ағатын Раң ата өзенінің аяқталар тұсы Қарашеңгел деп аталады. Қарашеңгел Раң ата ауылынан 20 шақырым солтүстік-батыста орналасса, Абыз әулиенің қабірі Қарашеңгел деп аталатын жаз жайлауы, қыс қыстаулы жерден 4,5-5 шақырымдай батысында орналасқан. Раң ауылының тұрғыны, 1943 жылы туылған Тілеубек Ыбырайымұлының әңгімесіне қарағанда, Абыз әулие шамамен XVIII ғасырда өмір сүрген, шаруашылығы бар, бай-дәулетті, дуалы ауызды кісі болған екен. Шыққан тегі—Күмісті өзені бойын жайлаған Саңғыл руынан.

Қасиеті: қысылғанға ақыл-айла, күш-жігер беріп желеп-жебеуші. Күшті рух иесі. Абыз әулиенің мазары бар. Сондықтан да білетін ел басына түнеп, мал шалып, Құран оқып отырады. Басына қиналып, шын ниетпен барған адам түнесе, түсінде аян беріп, қиын тығырықтан шығуға жол көрсетеді екен.

Жинақтаған:
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.
(Жалғасы бар).

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі**Директор:**
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактордың уақытша

міндетін атқарушы:

Мақсат Қарғабай**Жауапты хатшы:**
Мақсат Қарғабай**Редакция құрамы:**Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманжол КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігі және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450**Редакцияның мекен-жайы:** 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байлаңыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3200 дана**Кезекші редактор:**

М.Қарғабай.